



| | | |
|---|---|----------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент/Оқу- әдістемелік бөлімі | Терминологиялық комиссия ережесі |

Бекітілген
 Басқарма шешімімен
 18 мамыр 2026ж. № 7


С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ - ің Терминологиялық комиссиясы туралы Ереже


| | | |
|---|---|--|
| Жарамдылық мерзімі «18» мамыр 2026 ж. «18»_мамыр 2031 ж.дейін | Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін | Мәртебесі: Қолданыстағы Ескірген |
| Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың бұйрығымен « 21»қыркүйек 2021 ж. №14 | Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы | Код № Көшірме № Дана № |

Алматы – 2026ж

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 2 беті |


КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

| ФИО | Тип действия | Время и дата согласования или подписания | Замечания | Данные по ЭЦП |
|--|------------------|--|---------------|---|
| Измайлова Слу Хабибиевна | Согласовано | 25.02.2026, 17:07:47 | Без замечаний | |
| Шопаева Гульжан Амангельдыевна | Согласовано | 25.02.2026, 16:57:19 | Без замечаний | |
| Джардемалиева Нуржамал Женысовна | Согласовано | 25.02.2026, 17:31:39 | Без замечаний | |
| Аипов Расулбек Рахманбердиевич | Согласовано | 25.02.2026, 17:09:59 | Без замечаний | |
| Жуматай Ж.Ж. (и.о Сакипова З.Б.) | Согласовано | 26.02.2026, 14:49:00 | Без замечаний | |
| Скакова У.Т. (и.о Есембаева С.С.) | Согласовано | 26.02.2026, 10:09:11 | Без замечаний | |
| Кожекенова Жанат Асетовна | Согласовано | 25.02.2026, 17:51:00 | Без замечаний | |
| Баймаханов Абылай Ниятович | Согласовано | 25.02.2026, 17:03:32 | Без замечаний | |
| Шамсутдинова Альфия Гумаровна | Согласовано | 27.02.2026, 13:24:58 | Без замечаний | |
| Тусупбекова Сандугаш Кайраткызы | Согласовано | 26.02.2026, 15:11:35 | Без замечаний | |
| Калматаева Жанна Амантаевна | Подписано | 02.03.2026, 11:12:26 | Без замечаний | Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407 |
| Калматаева Жанна Амантаевна  | Зарегистрировано | 02.03.2026, 11:13:03 | Без замечаний | Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407 |

| | | |
|---|---|----------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі |

Мазмұны

| | |
|---|----|
| 1. Жалпы ережелер..... | 3 |
| 2. Нормативтік сілтемелер..... | 3 |
| 3. Терминдер және анықтамалар, қысқартулар..... | 3 |
| 4. Терминологиялық комиссияны құру және тарату..... | 4 |
| 5. Терминологиялық комиссияның мақсаты..... | 4 |
| 6. Терминологиялық комиссияның міндеттері..... | 4 |
| 7. Терминологиялық комиссияның қызметтері..... | 4 |
| 8. Терминологиялық комиссияның құқықтары мен өкілеттіктері..... | 5 |
| 9. Терминологиялық комиссияның жұмысын ұйымдастыру..... | 5 |
| 10. Қорытынды ережелер..... | 7 |
| 11. Өзгертулерді тіркеу парағы..... | 10 |
| 12. Танысу парағы..... | 11 |

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 4 беті |

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже — «С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КеАҚ» терминологиялық комиссиясының (әрі қарай – Терминком) мақсаттары, міндеттері, қызметтері, құқықтары мен жауапкершілігін анықтайтын негізгі нормативтік құжат болып табылады. Сонымен қатар, ол комиссияның қызметін ұйымдастыру тәртібін, басқа құрылымдық бөлімшелер мен «С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» (әрі қарай мәтінде – Университет) қызметкерлерімен өзара әрекеттесу ережесін реттейді.

2. Осы құжат медициналық терминологиялық комиссияның денсаулық сақтау саласындағы міндеттерін айқындайды және Университеттің медициналық білім беру ұйымдарында қолданылатын медициналық терминдерді біріздендіруді жүзеге асырады.

3. Терминологиялық комиссия – кеңесші және талқылау органы болып табылады. Ол медициналық ғылым саласының білім беру және қоғамдық өміріне қатысты қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканы сараптау және біріздендіру жұмыстарын жүргізеді. Комиссия бекітілген медициналық терминдердің қолданылуын, оқу-әдістемелік әдебиеттердегі терминдердің бірыңғай жазылуын қадағалайды. Терминком академиялық іс бойынша проректорға тікелей бағынады (әрі қарай – АД).

4. Ережеге енгізілетін өзгерістер, толықтырулар және жаңартулар университеттің АД проректорының бұйрығымен бекітіледі.

2. Нормативтік сілтемелер

1. Терминологиялық комиссия өз қызметінде келесі құжаттарға негізделеді:

1) [Қазақстан Республикасының Конституциясы](#);

2) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 «[Тілдер туралы](#)» заңы;

3) ҚР ДСМ - ің «[Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясын құру туралы](#)» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 2 тамыздағы № 580. «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» Комиссияның жұмыс органы болып айқындалсын;

4) С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ - ің «Оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу, сараптау және басып шығару тәртібі туралы ереже».


3. Терминдер және анықтамалар, қысқартулар

Терминология – ғылымның белгілі бір саласында қолданылатын терминдер жиынтығы. Нақты ғылыми-терминологиялық жүйені зерттеу ісімен сол ғылымға қатысты ғалымдар мен сарапшылар айналысады.

Негізгі терминдер – терминологияның негізі ретінде белгілі бір сала бойынша жинақ түрінде шығарылады.

ІНҚ – Ішкі нормативтік құжаттар.

ОӘӘ – оқу әдістемелік әдебиет.

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 5 беті |

4. Терминологиялық комиссияны құру және тарату

1. Терминком, терминкомның төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және комиссия мүшелері университеттің академиялық іс бойынша проректорының бұйрығымен тағайындалады. Терминкомның мүшелері 2 жыл мерзімге бекітіледі.

2. Терминком мүшелеріне қойылатын талаптар:

1) Мемлекеттік тілде сабақ жүргізген оқытушылық тәжірибесі — кемінде 5 жыл;

2) Оқу-әдістемелік еңбектері болуы қажет.

5. Терминологиялық комиссияның мақсаты

1. Медицина ғылымының қазақ тіліндегі терминдерін біріздендіру, олардың оқулықтарда және оқу-әдістемелік әдебиеттерде дұрыс қолданылуына бақылау жүргізу.

6. Терминологиялық комиссияның міндеттері

1. Денсаулық сақтау саласындағы қазақ тілінің лексикалық қорын барынша пайдалану, медицина және фармацевтикадағы кәсіби терминологияны қазақ орфографиясына бағындыру арқылы қазақ тілінің — мемлекеттік тіл ретінде дамуын қамтамасыз ету;

2. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді жазу және аудару барысында қолданылатын терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету;

7. Терминологиялық комиссияның қызметтері

1. Мемлекеттік тілдегі медициналық терминологияны біріздендіру мақсатында оқу-әдістемелік әдебиетті (ОӘӘ) баспаға жіберу үшін сараптамадан өткізеді.


2. Терминком қазақ тілінде әртүрлі қолданылып жүрген терминдер тобының мамандықтар бойынша тізімін жасап, Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындарының (Астана, Ақтөбе, Қарағанды, Семей, Шымкент) терминологиялық комиссияларына талқылауға жіберіп отырады. Талқылау барысында бірізділікке қол жеткізілген терминдер тізімін бекіту үшін ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссияға жібереді.

3. Оқу департаменттері, мектептер, факультеттер, профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің медициналық терминдердің қолданылуы туралы өтініштерін қарайды.

4. Қажет болған жағдайда медициналық салалар бойынша терминкомның ұсыныстарын әзірлеу үшін қосалқы сарапшылар топтарын құрады.

5. Сараптама ақылы түрде жүргізіледі. Оқу-әдістемелік әдебиет терминкомға ұсынылған кейін университет пен автор арасында келісімшарт жасалады. Терминком мүшесі ұсынылған еңбекті - көлеміне байланысты жоспарланған уақыт ішінде тексеріп - сараптама береді (1 қосымшаны қараңыз).

6. Авторлар сараптамада көрсетілген ұсыныстарды мәтінге енгізгеннен кейін, сарапшыға еңбегінің түзетілген соңғы түрін жібереді. Содан кейін, 3 жұмыс

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 6 беті |

күні барысында, оқу әдістемелік еңбекті баспаханаға ұсыну туралы - терминкомның төрағасы немесе төраға орынбасары қол қойған - анықтама беріледі (2 қосымша).

7. Тексерілетін жұмыстың төлемақысы - ҚазҰМУ басқармасы 2025 жылдың 16 қазанында бекіткен төлемақы туралы №19 хаттамасына сәйкес бағаланады.

8. Оқу әдістемелік еңбектің көлемі:

| Объем | Срок |
|-----------------|--------|
| 100 бетке дейін | 14 күн |
| 200 бетке дейін | 21 күн |
| 300 бетке дейін | 28 күн |
| 400 бетке дейін | 35 күн |
| 500 бетке дейін | 42 күн |
| 600 бетке дейін | 49 күн |

9. Алғашқы 100 бетке басқа беттерге қарағанда көп уақыт берілу себебі, бас жағында кездесетін терминдердің көбі, қалған беттерде қайталана береді.

10. Сараптамаға алынған еңбектің орындалу сапасы өте төмен, мысалы, қазақша жазылуы қате, түсініксіз жазылған сөйлемдері көп болған жағдайда мәтінді тексеру тоқтатылады. Еңбек қайтадан дұрыстап өңдеу үшін авторға қайтарылады.

8. Терминологиялық комиссияның құқықтары мен өкілеттіктері

1. Егер оқу-әдістемелік әдебиеттің (ОӘӘ) бағыты терминологиялық комиссия мүшелерінің мамандығына сәйкес келмесе, терминком сараптамадан өткізу үшін – жұмыс бағыты, ұсынылып отырған еңбекке сәйкес кафедралардың білікті мамандарын тарту құқығы бар.


2. Терминологиялық комиссия жұмысын материалдық ынталандыру мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында - жоғары оқу орнының басшылығына өтініш жасай алады.

3. Университеттің қаржыландыруы есебінен конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады және басқа ұжымдардағы конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатыса алады.

9. Терминологиялық комиссияның жұмысын ұйымдастыру

1. Комиссияны академиялық іс бойынша проректордың бұйрығымен тағайындалған төраға басқарады. Төрағаның болмаған кезінде оның міндеттерін уақытша орынбасары атқарады.

2. Отырыстар айына бір рет өткізіліп тұрады. Отырысқа терминком мүшелерінің жартысынан көбісі қатысса, ол заңды деп саналады,

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 7 беті |

3. Терминкомның хатшысы жұмыс жоспарын әзірлейді, отырыстың хаттамаларын жүргізеді және отырысты ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етеді. Ол комиссия отырысының күн тәртібіне сәйкес қажетті құжаттарды дайындайды. Бұл құжаттар комиссия мүшелеріне отырысқа дейін 1 апта бұрын, жоба хаттамасымен бірге жіберіледі. Жұмыс жоспары бірінші отырыста комиссия мүшелері бекітеді.


4. Терминком хатшысы ОӘӘ-ті қағаз және/немесе электрондық түрде сараптамаға қабылдайды, авторларды сараптаманың мерзімі мен тәртібімен таныстырады (қағаз және/немесе электрондық ескерту ретінде).

5. Төраға мамандыққа сәйкес сарапшыны таңдау және терминком мүшесі емес қажетті мамандарды сараптамаға тарту туралы шешім қабылдайды. Қажет болған жағдайда комиссия авторды шақырады.

6. Комиссияның шешімдері комиссия отырыстарында ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының басым дауысы жинаған жағдайда заңды болып саналады. Дауыс тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7. Комиссия отырыстарының нәтижесі бойынша протокол екі жұмыс күні ішінде дайындалады және төраға, хатшы және комиссия мүшелері тарапынан қол қойылады.

8. Комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алу және сақтау комиссия хатшысы арқылы жүзеге асырылады. Оқу жылының соңында комиссия хатшысы комиссия жоспарының орындалуы мен қаралған жұмыстардың санын кестеге сәйкес көрсететін есеп дайындайды.

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 8 беті |

1 Кесте


Терминкомның оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі

| Оқу жылы | Қаралған ОӘӨ, атауы | | | | | | | |
|-------------------------------|---------------------|---------------------|------------|---------------------|-----------------------|---------------------|-----------|---------------------|
| | Оқу кітабы | Сарапшының аты-жөні | Оқу құралы | Сарапшының аты-жөні | Оқу-әдістемелік құрал | Сарапшының аты-жөні | Басқа ОӘӨ | Сарапшының аты-жөні |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| Есептік кезең бойынша барлығы | | | | | | | | |

10. Қорытынды ережелер

Осы ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» АҚ қызметкерлерімен жұмыс істеуді ұйымдастырудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы ережеде терминкомның құқықтық мәртебесін реттейтін негізгі нормалар көрсетілген, олар университеттің академиялық іс жөніндегі проректорының бұйрығымен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

| | | | |
|---|---|----------------------------------|------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 9 беті |

1 қосымша

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университетінің
_____ кафедрасының оқытушылары
(кафедраның атауы) (оқытушының А. Т. Ж.) дайындаған (оқу құралының аталуы) оқу
құралына (қолжазба, _____ бет)

САРАПТАМА

Терминдерді біріздендіру мақсатымен, аталған еңбекте кездесетін жалпы және медициналық терминдерді:

- 1) А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтында дайындалған «Орысша-қазақша сөздіктегі» (Алматы, 2005 ж.);
- 2) М.Ахметовтың «Медициналық терминдер сөздігіндегі» (2009 ж.);
- 3) «Международная анатомическая номенклатурадағы» (ҚР ҰҒА академигі А.Р.Рақышев, 2011 ж.);
- 4) «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктегі, 14-томы. Медицина» (2014ж.) берілген терминдермен сәйкестендіруді ұсынамыз. Төмендегі кестеде өзгертілуі қажет терминдер тізімі беріліп отыр.

2 Кесте


Өзгертілуге ұсынылатын терминдер тізімі.

| | Берілгені | Ұсынылады | Түсіндірме |
|---|--|--|---|
| 1 | Бет-жақсүйегі аймағының анатомды-топографиялық ерекшеліктері | Бет-жақсүйек аймағының анатомиялық -топографиялық ерекшеліктері | Қалған беттерде кездесетін осы терминді - өздеріңіз түзетесіз, оларға енді тоқталмаймыз. Бұл жағдай сараптама барысында түзетілген басқа терминдерге де қатысты болады. |
| 2 | Жоғарғы жақсүйегі қуысының... | Жоғарғы жақсүйек қойнауының... | |
| 3 | АИВ - адамның иммуно вирусы ЖИТС - жүре пайда болған иммуно тапшылық синдромы | АИВ - адамның иммундық вирусы ЖИТС - жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромы | |

Авторлардың және пікір жазған ұлты қазақ ғалымдардың аты-жөні қазақша берілуі қажет: мысалы, Шакенов Б.Ш., Исақова Л.А., - емес, Шәкенов Б.Ш., Ысқақова Л.Ә., - деп берілуі қажет.

- 5) Сарапшының мәтінде кездесетін қателіктер туралы айтылатын ескертпелері болса, осы кестенің астында беріледі.
- 6) Жоғарыда көрсетілген ұсыныстар орындалғаннан кейін, аталған еңбекті баспаханана ұсынуға болады.

Терминологиялық комиссия мүшесінің қолы, аты -жөні

| | | | |
|---|---|----------------------------------|-------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | Академиялық жұмыстар бойынша департамент | Терминологиялық комиссия ережесі | Баспа: 2 12 беттің 10 беті |

2 қосымша

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университетінің _____ кафедрасының (кафедраның атауы) оқытушылары (оқытушының аты-жөні) дайындаған «оқулықтың аты» оқулықты (қолжазба, _____ бет) баспаға ұсыну туралы

АНЫҚТАМА

Аталған оқулықта берілген терминдердің - жалпы қолданысқа еніп, қалыптасып кеткен терминдерге сәйкестігін С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ терминологиялық комиссияларының мүшесі, профессор ассистенті «аты- жөні» тексеріп, 50-ге жуық терминологиялық, стилистикалық және грамматикалық ескертулер жасады. Автор барлық ескертулермен келісіп, тиісті түзетулерді енгізді.

Терминологиялық комиссияда аталған жұмыс қарастырылып, баспадан шығаруға жарамды деп шешілді.

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің
 терминологиялық комиссиясының төрағасы

Аты-жөні

00.00.2026 жыл

